



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГОДОВОЙ ОТЧЕТ

2013

ТҰМАРЛАР



ДӘСТҮРДІ САҚТАЙ ОТЫРЫП

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының мәлімдемесі.....	4
Директорлар кеңесі.....	6
Басқарма.....	7
Департаменттердің басшылары.....	8
Корпоративтік басқару.....	12
Акционерлер және капитал	14
Экономиканың және банк секторының дамуына шолу.....	15
Банк секторы.....	21
ЦентрКредит Банкінің 2013 жылғы қызметіне шолу.....	24
Пайдалылық.....	25
ЦентрКредит Банкінің несиелік портфелі туралы ақпарат (несиелер).....	26
Бөлшекті несиелік беру.....	30
Инновациялар.....	31
Депозиттер.....	32
Халықаралық қатынастар.....	33
Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар.....	36
Кастодиандық қызмет.....	36
«Contact» ақша аудару жүйесі.....	37
«Western Union» халықаралық ақша аудару жүйесі.....	37
Жедел аударымдар.....	37
Жедел түсім.....	38
Клиенттерге phone/e-mail/web/fax арқылы қашықтан қызмет көрсету.....	38
Төлем карточкалары және қашықтан банк қызметін көрсету жүйелері.....	41
Қызметкерлер.....	44
Ақпараттық технологиялар.....	46
ЦентрКредит Банкінің өткізу желісі.....	47
«BCC INVEST» АҚ.....	50
«Капитал» ЖЗҚ АҚ.....	51
«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ.....	52
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	53
ЦентрКредит Банкінің 2013 жыл ішіндегі басты оқиғалары.....	63



«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Б.Р. БАЙСЕЙІТОВТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕРІ!

Есепті жылы банк негізгі күшін банк жүйесінде орын алған теріс үрдістерді жеңуге, сондай-ақ бизнестің тиімділігін арттыруға бағыттады.

Жүзеге асырылған шаралардың нәтижесінде банктің таза пайыздық маржасы үш есе артып, 1,4%-дан 4,3%-ға дейін өсті. Мұндай көрсеткішке қол жеткізуге активтердің кірістілігінің өсімі мен құны қымбат қарыздар көлемін төмендету себеп болды, міндеттемелердің құны 5,8%-дан 5,1%-ға дейін төмендеді. Банк жалпы сомасы 19 миллиард теңгені құрайтын доллармен алынған үш сыртқы реттелген қарызын мерзімінен бұрын өтеді, бұл оның барлық ресурстар

көлеміндегі үлесін 3%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар банктің несиеленді портфелі 3,8%-ға артып (883 млрд теңгені құрап), міндеттемелер 0,8%-ға (998 млрд теңгеге) өсті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік талаптарына сәйкес Банк жоспарлы түрде резервтер құрды. 2014 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша олардың көлемі 197,2 млрд теңгені (20,3%), NPL деңгейі 188,6 млрд теңгені (19,4%) құрады.

2013 жыл Банктің 25-жылдық мерейтойы аясында өтті. Мерейтой күніне арналған іс-шаралар аясында стратегиялық инвестор Kookmin банкінің (Корея Республикасы) белсенді қатысуымен қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, жалақы деңгейін өсіру, корпоративтік құндылықтарды нығайту бойын-

ша іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Есепті жылы ішкі бақылауды жетілдіру, тәуекелдіктермен жұмыс жүргізу, несиеленді портфелінің сапасын арттыру бойынша жүйелі шешімдер енгізілді.

2014 жылы ЦентрКредит Банкі оң үрдістерді бекем орнықтыруға, пайда өсімін қамтамасыз етуге, проблемалы несиелер деңгейін төмендету бойынша жұмысты жалғастыруға ниет танытып отыр.

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

БАЙСЕЙІТОВ Б.Р.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

БАСҚАРМА



БАЙСЕЙІТОВ БАҚЫТБЕК РЫМБЕКҰЛЫ
Директорлар кеңесінің төрағасы



WERNER FRANS JOZEF CLAES
Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор



ЛИ ВЛАДИСЛАВ СЕДИНОВИЧ
Басқарма төрағасы



HAN JONG HWAN
Несиелеу тобының басқарушы директоры



KWON OH-KI
Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор



JEOUNG SANG-KWEON
Директорлар кеңесінің мүшесі



ӘДІЛХАНОВ БҰЛАН ӘДІЛХАНҰЛЫ
Қызметті қолдау тобының басқарушы директоры



OH KI HONG
Қаржы тобының басқарушы директоры



ЛИ ВЛАДИСЛАВ СЕДИНОВИЧ
Директорлар кеңесінің мүшесі



АМАНҚҰЛОВ ЖҰМАГЕЛДІ РАҚЫШҰЛЫ
Директорлар кеңесінің мүшесі



ӘЛЖАНОВ МАҚСАТ ҚАБЫКЕНҰЛЫ
Несиелерді басқару тобының басқарушы директоры



SHIM MOO GIL
IT тобының басқарушы директоры



ЕРКЕҒҰЛОВ НҰРТАЙ ШАЙҚЫҰЛЫ
Корпоративтік хатшы



ДЕПАРТАМЕНТТЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ



**БОРАНБАЕВ
АСАН
БОЛАТҰЛЫ**
Басқарушы директор –
Корпоративтік қаржы де-
партаментінің директоры

**ВОН
ГАЛИНА
ДОННЕРОВНА**
Адам ресурстары департа-
ментінің директоры

**БУТЫРИНА
ЛЮДМИЛА
ФЕДОРОВНА**
Операциялық қызметтің
есебін жүргізу және қолдау
департаментінің директоры

**ТАСТАНБЕКОВ
БАҚЫТЖАН
БАХАДЫРҰЛЫ**
Қауіпсіздік департаментінің
директоры

**ӘБІШЕВ
МҰРАТ
МЕЙІРХАНҰЛЫ**
Жеке тұлғалардың несиелерін
басқару департаментінің
директоры

**НҰРФАЛИЕВА
АЙЖАН
ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ**
Бухгалтерлік есеп жүргізу
және есептілік департа-
ментінің директоры – бас
бухгалтер

**ВАХИДОВА
РИЗВАНГУЛЬ
САЙДУЛЛАЕВНА**
Бөлшекті бизнес департа-
ментінің директоры

**ГАБАСОВ
ТИМУР
РАУФОВИЧ**
Қазынашылық департа-
ментінің директоры

**ДОРОЖКИН
СЕРГЕЙ
ИВАНОВИЧ**
Әкімшілік департаментінің
директоры

**АСЫЛБЕК
ЕРЖАН
АСЫЛБЕКҰЛЫ**
Несиелік тәуекелдіктер де-
партаментінің директоры

**АҚЫЛОВ
МАРАТ
АМАНҰЛЫ**
Ақпараттық технологиялар
департаментінің директоры

**НҰҒМАНОВ
МӘЛІК ҚАЙЫР-
ЖАНҰЛЫ**
Комплаенс қызметінің Бас
комплаенс-бақылаушысы

**ПОПОВА
ТАТЬЯНА
ВАЛЕРЬЕВНА**
Банк карточкалары департа-
ментінің директоры

**ЗДАНОВИЧ
ЛАРИСА
ПЕТРОВНА**
Жоспарлау және қаржы
департаментінің директоры

**САВЧЕНКО
ВЛАДИМИР
АЛЕКСАНДРОВИЧ**
Заң департаментінің
директоры

**ЕРМАХАНОВ
ЕРЛАН
ӘМІРБЕКҰЛЫ**
Заңды тұлғалардың несиелерін
басқару департаментінің
директоры

**ШАЯХМЕТОВА
КҮЛӘШ
ІЗМАҒЗАМҚЫЗЫ**
Бизнес-процестер департа-
ментінің директоры

**МУСИНА
РАҚЫШ**
Ішкі аудиттің Бас
аудиторы

ТҰМАРЛАР – АМУЛЕТТЕР

Қазақтың ең қызықты зергерлік бұйымдарының бірі – тұмар (амулет). Тұмарды әшекей ретінде таққан, бірақ көбінесе оған қорғаныш қасиеті бар киелі зат ретінде мән берген. Тұмарды қазақтар күнделікті тұрмыста да, әдеп-ғұрыптарында да жиі пайдаланған.

Тұмар (бойтұмар) – өзінің иесін, оның үйін бәле-жаладан қорғайтын, махаббат пен бақыт әкелетін зат. Тұмар (амулет) араб тілінен аударғанда «дұға» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау сиқырлы қасиетке ие және бойтұмар ретінде тағылатын барлық әшекей бұйымдарына қатысты. Әр түрлі бойтұмарлардың пайда болуына адамдардың өз құдіретінен тыс тылсым күштің барына сенімі себеп болған, олардың танымы бойынша ежелгі дұғалар адамдарды сыртқы тосын күштерден, дұшпандары мен жануарлардың қастандығынан сақтайды. Мұндай тұмарларды өз алдына жеке әшекей ретінде де таққан.

Тұмар дегеніміз – көз тиюден, түрлі аурулардан, бедеуліктен және дүлей күштерден сақтау үшін арнайы дайындалған бойтұмар ішіне салынатын күмістен, сирек жағдайларда алтыннан жасалған қаптама. Мұндай әшекейлер адам дүниеге келгеннен бастап қорғаныш болған. Жаңа туған сәби үшін үш бұрышты бойтұмар жасаған. Үлкендер (әсіресе әйелдер) бойтұмарды бас киімдеріне, мойнына, арқасына, кеудесіне, қолтықтарының астына (олар ұзын алқа арқылы иыққа тағылады – бұл орын ерекше қорғалатын, себебі адамның жаны қолтықтан шығады деп ойлаған) таққан.

Осылайша, тұмар зергерлік бұйымдардың жалпы кешенінің міндетті бір бөлігі болып саналады. Оны таққан адам әрқашан қорғанышта болып, өмірде жолы болатын болған.

КҮРДЕЛІ ҚҰРАМДЫ
ҮШ БҰРЫШТЫ КҮМІС ТҰМАР
*Үшбұрыш түріндегі екі жылжымалы бөліктерден және
жапырақ пішіндес жеті алқадан тұрады,
мүйіз пішіндес оюмен өрнектеледі.
Бойтұмар ежелгі тотем – арқармен байланысты.*



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-та (бұдан кейін – ЦКБ) корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ ЦКБ Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына, ЦКБ акционерлерінің жалпы жиналысының, ЦКБ-нің Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) және ЦКБ-нің Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) шешімдеріне негізделеді.

2013 жылғы 26 сәуірде ЦКБ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізіліп, 2012 жылғы қызметінің нәтижесі туралы Басқарма есебі, 2012 жыл бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілік, 2012 жыл бойынша таза табысты бөлу тәртібі, жаңа редакциядағы жарғы, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тыңдалып, бекітілді.

2013 жылғы 29 қазанда күн тәртібіндегі:

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы;
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы мәселелер

бойынша сырттай дауыс беру арқылы өткізілген ЦКБ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қорытындылау жөнінен Есеп комиссиясының отырысы өтті.

(Мәлімет үшін: Директорлар кеңесінің сандық құрамы – 6 адам. Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшесі Yang Cheon Sik мырзадан өз бастамасы бойынша өкілеттігін 2013 жылғы 14 маусымнан бастап мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама келіп түсті.)

Басым көпшілік дауыспен Kwon Oh-Ki мырзаны 2017 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі, қоса есептегенде, өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор етіп тағайындау туралы шешім қабылданды, ЦКБ Жарғысына енгізілген өзгерістер бекітілді.

2013 жылы Директорлар кеңесі негізгі қызмет бағыттарының мәселелері бойынша 13 хаттамалық шешім мен 167 қаулы қабылдады, тарифтік, несиелік, есептік және басқа да саясаттарға қатысты ішкі процедураларды бекітті, басқарушылық есептілікті қарастырып, бекітті, облигациялар шығару арқылы міндеттемелерді арттыру, несие мәселелері бойынша және өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

Б. Р. Байсейітов мырзаның төрағалық етуімен өткізілген Директорлар кеңесінің отырыстарында 2013 жылға арналған маркетинг жоспары, ЦКБ-нің 2013-2017 жылдардағы орта мерзімді кезеңге арналған даму стратегиясы, несие портфелінің жай-күйі қарастырылып, 2014 жыл бюджетінің өлшемдері бекітілді, 2014 жылдан бастап ЦКБ-нің ұйымдық құрылымын өзгерту туралы шешім қабылданды. Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына Басқарма енгізген барлық мәселелер бойынша сәйкес шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесінің мүшелері комитеттердің жұмысына, Басқарманың және ЦКБ-нің өзге де жұмыс органдарының мәжілістеріне белсенді қатысады.

Банктің Директорлар кеңесінің жанында Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін ең маңызды мәселелерді қарастыру үшін келесі комитеттер құрылған:

- Несие комитеті;
- Аудит комитеті;

– Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті;

– Тағайындаулар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті 2013 жылы 13 кезекті және 7 кезектен тыс отырыс өткізіп, 250 шешім қабылдады. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде клиенттер алдындағы міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар қысқартылды. Несие және депозит өнімдерінің талаптары мен тартымдылығын жетілдіру жөнінен іс-шаралар жүргізілді. Осылайша, қабылданатын шешімдер стратегиясы банктің позицияларын нығайтуға және оның активтері мен пассивтерінің құрылымын жетілдіруге бағытталды.

Несие комитеті 2013 жылы 83 отырыс өткізіп, кепілдіктер беру бойынша 71, несиелеу лимиттері бойынша 41, несие желісін ашу бойынша 101, қарыз беру бойынша 85, овердрафттар бойынша 20, несиелерге мониторинг жүргізу мәселелері бойынша 206, қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 95 және өзге де мәселелер бойынша барлығы 1 280 жобаны қарастырды. 1 жаңа өнім іске қосылды.

2013 жылы Аудит комитеті 7 отырыс өткізді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 13 мәселе, оның ішінде аудиторлық тексерудің және ЦКБ бөлімшелері қызметінің нәтижелеріне қатысты 10 мәселе; 2012 жыл бойынша комплаенс-тәуекелдерді басқару туралы Комплаенс қызметінің есебіне қатысты 1 мәселе; сыртқы аудитор «Делойт» ЖШС-ға қатысты 2 мәселе қарастырылды.

Тәуелсіз директор Werner Claes мырзаның төрағалық етуімен Тағайындаулар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2013 жылы бір отырыс өткізді.

ЦКБ-нің ағымдағы қызметіне тікелей басшылық етуді алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, оның сандық құрамы – 6 адам.

2013 жылы Басқарманың 38 отырысы, оның ішінде басқарушылық есептілік бойынша 11 отырыс өткізілді. Басқарма ЦКБ-нің негізгі қызметі туралы 104 мәселені қарастырды. Басқарманың жұмыс аптасы құрылымдық бөлімшелердің (бас офис департаменттерінің) басшыларының және ЦКБ-нің еншілес ұйымдарының басшыларының қатысуымен жиналыс өткізуден басталады. 2013 жылғы 12 ай ішінде Басқарманың 50 отырысы (жоспарлау отырысы) өткізіліп, онда Басқарушы директор, Басқарма мүшелерінің, Комплаенс қызметінің, Адам ресурстары департаментінің басқарушылық есептіліктері тыңдалды.

Электрондық құжатайналым жүйесі бойынша Басқарма мүшелері оның күндізгі отырыстарында қарастырылған 572 шешімді бекітті және оларды Директорлар кеңесінің және Басқарманың хатшылығы тіркеді.

2013 жылы ЦКБ-нің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне қатысты банк акционерлері тарапынан өтініштер мен шағымдар болған жоқ.


АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

2013 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады, жарғылық капитал 69 751 млн теңге сомасында төленді.

Орналастырылған акциялардың 5 және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Kookmin Bank Co Ltd.	– 41,9%
Байсейітов Б.Р.	– 25,1%
IFC	– 10%


2013 ЖЫЛҒЫ 01 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДАҒЫ ҮЛЕСІ, %



2013 ЖЫЛҒЫ 01 ҚАҢТАРДА ЦКБ-НИҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ 141 698 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.


Меншікті капиталдың құрылымы, млн теңге

жарғылық капитал	– 69 751
реттелген қарыз	– 44 945
мерзімсіз еурооблигациялар	– 12 455
резервтер және өткен жылдардағы кіріс	– 16 895



ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ДАМУЫНА ШОЛУ

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ



Алдын ала мәліметтер бойынша Қазақстанның ЖІӨ шынайы көріністе 2013 жылы 6%-ға немесе 33 521 млрд теңгеге өсті; оның өсімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоспардағы мәліметтеріне сәйкес келді.

2013 жылы ЖІӨ-дегі тауар өндірісі мен қызмет өндірісінің үлестері сәйкесінше 40,0% және 52,6% құрады. ЖІӨ өндірісіндегі негізгі үлесті, яғни оның 29,6% өнеркәсіп алады.

Өнеркәсіп өнімдерінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі 2,3%-ға артып, 18,2 трлн теңгені құрады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі шығарылымының көлемі 2,5 трлн теңгені құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 11,6%-ға артық. Құрылыс жұмыстарының көлемі 3%-ға өсіп, 2,4 трлн теңгені құрады. Байланыс қызметінің көлемі 14,0%-ға өсіп, 643,5 млрд теңгені құрады.

Жыл қорытындысы бойынша инфляция деңгейі 4,8% құрады: азық-түлік тауарларының бағасы 3,3%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 3,3%-ға, ақылы қызметтердің бағасы 8%-ға өсті. Көрсетілген деңгей ҚР Үкіметі күткеннен аз болды, 2013 жылы орын алған инфляция бойынша оның таргеті 6-8 % құрады.



ТҰМАРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Қазақтың тұмарлары негізінен төрт түрлі пішінде жасалады: үш бұрышты бойтұмар (тұмарша), тік бұрышты қолтық асты (қолтықша), түтікшелі (бойтұмар), күрделі құрамды үш бұрышты түтікшелі.

Тұмардың түрін оны қалай тағатынына қарай таңдайды: мойын тұмаршалары үшбұрыш түрінде жасалатын болған. Қолтықтың астында тағуға қазіргі заманның сөмкелері сияқты тікбұрышты қаптамалар қолайлы. Кеудеге, көбінесе, тік төрт бұрышты немесе цилиндр пішіндес тұмарлар тағылатын болған. Ең көп таралған түрі – астыңғы жағы шашақталған үш бұрышты тілмеден құралып, көлденең орналасқан іші қуыс цилиндр түріндегі тұмарлар.

Тұмарларды жасау технологиясы мен сәндеу тәсілдері, олардың эстетикалық сипаттамасы өндіруші ортаға байланысты дала халқының монументалды бұйымдарынан бастап қалалық зергерлердің нәзік пішіндеріне дейін ерекшеленетін болған.

Қаптамаларды иірілген және түйіншекті жапсырмалармен әшекейлеп, қарайтып немесе алтындап, өсімдіктер немесе геометриялық пішіндер түріндегі күрделі емес өрнектерді немесе киелі сөздерді ойып, қызғылт сары түсті асыл тас, маржан, көгілдір ақық, көк тас сияқты көптеген жартылай асыл тастармен, кейде тіпті қарапайым айнектермен көмкеріп жасаған.


Қалалық зергерлер әр адамның жеке қалауы бойынша арнайы жасалған әшекей бұйымдарға айналдырып, жалпақ (жеке қаптамасыз және қақпақсыз) тұмарлар да жасаған, олар, бір қарағанда, медальон іспеттес болады. Мұндай жағдайларда бойтұмар біртіндеп әшекей бұйымға айнала бастаса да, оның қорғаныш қасиетіне деген сенім жоғалмады.

ТҰМАРША БОЙТҰМАР
негізінен екі пішінде – үш бұрышты (тұмарша) және бойтұмар түрінде жасалып, алқаға тағылған 11 шашақпен толықтырылған. Мұндай бойтұмарларды кеудеге таққан. XX ғасырдың басы





ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ДАМУЫНА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)



2013 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға жасалған инвестициялар көлемі 6,1 трлн теңгені құрап, 2012 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 6,5%-ға өсті.

Негізгі капиталға жасалған инвестициялардың елеулі бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар (64,9%), сондай-ақ басқа мемлекеттердің өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын шаруашылық субъектілері (17,8%) игерді. Мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындардың инвестициялық салымдарының үлесі 17,3% құрады.

Негізгі капиталға жасалған инвестициялардың 2012 жылмен салыстырғанда артуы республикамыздың 12 өңірінде көрініс тапқан. Осы кезде салымдардың ең үлкен өсімі Жамбыл және Қызылорда облыстарында байқалады (сәйкесінше 1,6 және 1,4 есе).

Коммерциялық тұрғын үй құрылысы объектілерінің саны ағымдағы жылдың желтоқсан айында 1 142, оның ішінде үлестік қатысу арқылы 107 объектіні құрады. Желтоқсан айында нақты 368 объектіде, оның ішінде үлестік қатысу арқылы 24 объектіде жұмыс жүргізілді.

2013 жылғы қаңтар – ақпан айларында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда-саттық айналымы 131 384,3 млн АҚШ долларын құрап, 2012 жылғы қаңтар-ақпан айларымен салыстырғанда 1,1%-ға азайды, оның ішінде экспорт 82 511,8 млн АҚШ долларын (4,6%-ға аз), импорт 48 872,5 млн АҚШ долларын (5,4%-ға артық) құрады.

Қазақстан Республикасының Кеден Одағы елдерімен бірлесіп сауда-саттық жасауы 24 230,9 млн АҚШ долларын құрады немесе 2012 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға артты, оның ішінде экспорт 5 863,6 млн АҚШ долларын

(5,9%-ға аз), импорт 18 367,3 млн АҚШ долларын (4,0%-ға артық) құрады.

Ресей Федерациясына жасалған экспорт 2013 жылы 5 806,5 млн АҚШ долларын (бұл 2012 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға аз), импорт 17 685,6 млн АҚШ долларын (бұл 2012 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға артық) құрады.

Беларусь Республикасына жасалған экспорт 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 57,1 млн АҚШ долларын (2012 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 37,7%-ға аз), импорт 681,7 млн АҚШ долларын (2012 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 2,6%-ға аз) құрады.

Бөлшекті сауда-саттық көлемі (қоғамдық тамақтану айналымын қоспағанда) 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 5,0 трлн теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 12,8%-ға өсім көрсетті.

Жыл басынан бастап тауарларды іске асырудан, нарықта сауда-саттық жасаудан болған айналым жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер бойынша 4 818,5 млрд теңге (бөлшекті сауда-саттықтың жалпы көлемінің 95,7%), шетелдік нысан меншігі бойынша 216,1 млрд теңге (4,3%) сомасында алынды.

Бөлшекті сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі азық-түлік тауарларының үлесі 35,7%, азық-түлік емес тауарлардың үлесі 64,3% құрады. 2012 жылғы қаңтар - желтоқсан айларымен салыстырғанда азық-түлік тауарларын іске асыру көлемі 9,4%-ға, ал азық-түлік емес тауарлар көлемі 14,7%-ға артты.

Республикамыздағы көтерме сауда-саттық ағымдағы жылдың басынан бастап 14 104,7 млрд теңгені құрады немесе 2012 жылғы сәйкес кезең көрсеткішінен 12,6%-ға артты.

Дүниежүзілік банк DoingBusiness рейтингінің (бизнесті жүргізудің жеңілдігін анықтайтын рейтинг) 10 индикаторы бойынша 185 елдегі бизнес-климаттың жай-күйін бағалады.

Жыл сайын өзгеріп отыратын әдістемеге байланысты Қазақстан 2013 жылы «Doing Business 2013» рейтингіндегі өз орнын 7 тармаққа көтеріп, 49-орынға ие болды.

Осы жылы Қазақстан соңғы жыл бойынша бизнес жүргізуді жеңілдетуде елеулі жетістіктерге қол жеткізген елдер тізіміне енді.

«Кәсіпорындарды тіркеу» санатында Қазақстан 30 позицияға (55-орыннан 25-орынға) көтерілді. Оған кәсіпорындарды құру процедурасының жеңілдетілуі, сондай-ақ тіркелгеннен кейінгі үш ай ішінде ең кіші капитал төлемін жасау туралы талапты алып тастау себеп болды.

«Төлем қабілетсіздігіне рұқсат беру» санатында Қазақстан 55-орынға ие болды.

Қазақстанның «Несие алу» санатындағы позициясының айтарлықтай көтерілгені (97-орыннан 83-орынға) байқалады. Бұл – соңғы уақытта сауықтыру процедураларында автоматты түрде таратылудан босату үшін жаңа негіздерді енгізу есебінен қамсыздандырылған несие берушілердің құқықтарын нығайтудың нәтижесі.

Тұрғындарының әл-ауқат деңгейі бойынша Қазақстан әлемнің бірінші 50 еліне кіреді.



Legatum халықаралық зерттеу институтының «Әлемдік әл-ауқат-2013» рейтингінде Қазақстан әлемнің 142 елі ішінде 47-орынға ие. Аталмыш рейтингті құрған кезде тұрғындар өмірінің деңгейі, білім беру және денсаулық сақтау жай-күйі, жеке бас бостандығы деңгейі сияқты көрсеткіштер есепке алынады.

INSEAD еуропалық бизнес мектебі, американдық Корнелл университеті және Дүниежүзілік зияткерлік меншік қауымдастығы жариялаған инновациялық рейтингте Қазақстан әлемнің 142 елі ішінде 84-орынға ие. Рейтинг ғылыми жаңалықтар, адамзат капиталы, бизнесті дамыту сияқты индекстер бойынша құрылды. Инновациялық рейтингтің бірінші ондығына Швейцария, Швеция, Ұлыбритания, Голландия, АҚШ, Финляндия, Гонконг, Сингапур, Дания және Ирландия енді.

Дүниежүзілік энергетикалық конгрестің «Энергетикалық тұрақтылық-2013» рейтингінде Қазақстан әлемнің 129 елінің ішінде 58-орынға ие. Аталмыш рейтинг энергетикалық қауіпсіздік (бұл тізімде Қазақстан 6-орынға ие), энергетиканың тұрғындар үшін қол жетімділігі (35-орын) және экологиялық тұрғыдан таза энергияны пайдалану (116-орын) сияқты көрсеткіштердің жиынтығын есепке ала отырып құрылады.



БАНК СЕКТОРЫ

АКТИВТЕР

Қазақстан Республикасының банк секторының жиынтық активтері 2012 жылы 13 880 млрд теңгені құраса, 2013 жылы 11,4%-ға өсіп, 15 463 млрд теңгені құрады.

Көрсеткіштер	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
ЖІӨ, млрд. тг.	3 251	3 776	4 612	5 870	7 519	10 214	12 850	16 053	17 008	21 816	27 572	30 347	33 521
Активтер, млрд. тг.	813	1 155	1 674	2 689	4 515	8 874	11 584	11 889	11 557	12 031	12 818	13 880	15 463
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,0	30,6	36,3	45,8	60,0	86,9	90,1	74,1	68,0	55,2	46,5	46,2	46,1
Несилердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	40,7	58,7	69,0	57,6	56,7	41,6	38,0	38,8	39,8
Капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	4,6	5,9	8,6	11,1	9,0	-5,8	6,0	4,7	6,7	6,2
Депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,2	50,0	28,6	35,3	31,3	28,3	28,4	29,4

Алдыңғы 4 жылдағыдай, 2013 жылы да жиынтық активтердің ЖІӨ-ге қатынасының төмендеу үрдісі жалғасуда (46,1%).

Өткен жылы экономика саласындағы несиелеу өсімі 13,4% құрады. Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі жылдың басынан бастап 1 690 млрд теңгеге немесе 14,5%-ға артты.

Сала-салаға бөлгенде, банктердің экономиканы несиелеудегі едәуір сомасы сауда (19,5%), құрылыс (12,3%) және өнеркәсіп (11,4%) салаларына тиесілі.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелері 2013 жылы 1 505 млрд теңгеге немесе 12,7%-ға артты. Міндеттемелердің құрылымында заңды тұлғалардың салымдары 778 млрд теңгеге немесе 15,2%-ға және жеке тұлғалардың салымдары 534 млрд теңгеге немесе 15,6%-ға артты. Еншілес ұйымдардың арнайы мақсаттағы салымдары 11,8%-ға өсті.



ПІШІННІҢ ТЫЛСЫМ ҚАСИЕТТЕРІ

Тылсым қасиеттерге қаптаманың өзі, атап айтқанда оның бастапқы пішіні, зері (белгілі сиқырлы қасиеттерге ие болатын ою-өрнегі, тастары) ғана емес, оған салынған тұмар да ие болады.

Тұмардың пішінін таңдау, яғни оны тікбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек, цилиндр немесе призма түрінде жасау әр жағдайда сол пішіннің тылсым қасиеттеріне қарай ойластырылады.

Ежелгі адамдардың ұғымдарында кез келген қарапайым пішін ғарыштың геометриялық символикасын нақыштаған. Шеңбер – аспан шырақтары Күн мен Айдың, шаршы – Жердің (дүниенің төрт бөлігі) символы және соған сәйкес олардың желеп-жебеуінің белгісі. Үшбұрыш – ең көп тараған классикалық пішін, адам баласы тарихындағы ең ежелгі де ең құпиялы символ. Ол көз тиюден сақтайтын тұмардың құдіретімен байланысты, себебі оның негізінде желкені, арқаны қорғаудың символы ретіндегі қой жауырыны іспеттес үшбұрыш пішіні жатыр. Көптеген халықтар үш бұрышты таңғажайып күшке ие болу, жоғары әлемге көтерілу, жақындау, соған сәйкес оның қолдауына ие болу идеясымен ұштастыратын. Сүйір ұшы жоғары қойылған үшбұрыш белсенді ер азамат бастауына қатысты, ал сүйір ұшы төмен қаратылса – сылбыр әйел бастауына қатысты болған. Әдетте, тұмарларда үшбұрыштың сүйір ұшы жоғарыға бағытталады. Тоғысқан сүйір ұштар жаңа өмірге бастама беретін. Төрт бұрышты тұмар қаптамасы дүниенің төрт бөлігінің символы, ал күрделілері құнарлылықтың белгісі еді. Тұмарлардың көбі теріс күштерден, көз тиюден қорғауға, сонымен қатар өсіп-өну қасиеттерін күшейтуге арналған еді. Сыңғыры жындарды қуып жіберетін салпыншақтар, сол салпыншақтардың жапырақ, дән, гүлшанақ тектес пішіні – осының бәрі құнарлылықтың символы. Элементтердің сопақ пішіні тұқымның – жаңа өмірдің символы еді.

ҚОЛТЫҚША

Қолтықтың астында тағуға арналған тік бұрышты күміс тұмар. Дүниенің төрт бөлігінің символы болып табылады. Көшпендінің шексіз жолы уақыт кезеңдерімен, аттың шабысымен өлшенеді. Көшпенді даланы өзін толығымен құрсауына алған шеңбер пішінінде, ортасында адам бар болмыстың ақиқаты ретінде қабылдаған.






ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

АКТИВТЕР

2013 жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес ЦКБ-нің активтері 0,5%-ға артып, 1 093 млрд теңге деңгейіне жетті.

Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі ЦКБ активтерінің үлесі өткен жылмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеп, 6,9% құрады. Бұл ретте ЦКБ активтерінің мөлшері бойынша 4-ші позициясын сақтап қалды.



Есепті кезең ішінде ЦКБ-нің несие портфелі 883,5 млрд теңгені құрады, яғни бір жыл ішінде 3,8%-ға артты.

2013 жылы ЦКБ-нің ірі бизнеске берілген қарыздары несие портфелінің негізгі үлесінің бірін алып, 36% құрады.

ЦКБ-нің шағын және орта бизнес сегментіндегі қарыздары несие портфелінің 27%-ын құрайды.

Өз кезегінде ЦКБ 2013 жылы бөлшекті несие беру көлемін 8,3%-ға арттырды, ЦКБ-нің несие портфеліндегі бөлшекті несиелердің үлес салмағы 37% құрады. Қазіргі күні бөлшекті несиелерге қатысты елеулі сұраныс байқалып отырғандықтан, ЦКБ 2014 жылы бөлшекті бизнес сегментін нығайтуды жоспарлап отыр.



МІНДЕТТЕМЕЛЕР


Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес ЦКБ-нің жиынтық міндеттемелері 2013 жыл ішінде 0,6%-ға өсіп, 1 007 млрд теңгені құрады.

Міндеттемелердің құрылымында ЦКБ-нің жеке тұлғаларының салымдары, соған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2013 жылы 13,3%-ға өсіп, 339,9 млрд теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы ЦКБ үлесі бір жыл ішінде 11,5%-дан 8,6%-ға дейін төмендеді. Әйтсе де, бұл сегмент бойынша ЦКБ үш жыл бойы нарықта үшінші-төртінші орындарды иеленіп келе жатыр.

ЦКБ-нің заңды тұлғаларының салымдары, соған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2013 жылы 22,8%-ға артып, 444,4 млрд теңгені құрады.

КАПИТАЛ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2013 жылы ЦКБ-нің капиталы 0,3%-ға төмендеп, 2014 жылғы 01 қаңтарда 86,9 млрд теңгені құрады.



Ақпарат көздері:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық бюллетені.
3. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі.
4. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігінің статистикалық бюллетені.
5. 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік.



ПАЙДАЛЫЛЫҚ

2013 жылы ЦКБ-нің пайдалылық көрсеткіштері ROA 0,17%, ROE 2,13% құраса, ал банк жүйесі бойынша осындай сәйкес орташа көрсеткіштер ROA 1,81%, ROE 12,98% құрады.


	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
БЦК ROA	0,14%	-2,48%	0,28%	0,04%	0,17%
ЕДБ ROA	-24,18%	12,09%	0,41%	-1,54%	1,81%
БЦК ROE	1,62%	-35,53%	3,96%	0,49%	2,13%
ЕДБ ROE	-1195,54%	828,90%	3,91%	-12,49%	12,98%

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ НЕСИЕ ПОРТ-ФЕЛІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (НЕСИЕЛЕР)

ЦКБ-нің несие портфелі 2013 жыл ішінде 5,6% -ға немесе 52 млрд теңге-ге өсіп, жыл соңында 973 млрд теңгені құрады. Бұл ретте портфельдің құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.


ЦКБ резервтерінің деңгейі 2014 жылғы 01 қаңтарда 197,2 млрд теңгені немесе 20,3% құрады, NPL деңгейі 188,6 млрд теңгені немесе 19,4% құрады.

БАНКТИҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ



Экономиканың әр түрлі секторларын несиелеу кезінде ЦКБ-нің негізгі мақсаты салалық тәуекелдіктің ЦКБ қызметіне жағымсыз әсерін шектейтін әр-тараптандыру саясатын ұстану болды.

Экономика салаларын несиелеуде ЦКБ-нің несие портфеліндегі елеулі үлес салмақты, яғни оның 37%-н жеке тұлғалар иеленіп отыр, сауда саласына 17% тиесілі, әрі қарай басқа салалар иеленеді (құрылымы төменде көрсетілген).



ЦКБ бизнесті сауықтыру және қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысып отырады. 2014 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша аталмыш бағдарламалар аясында несие берешегі 131,4 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры – 14 млрд теңге;
- «Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)» – 57,3 млрд теңге;
- «Самұрық – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры – 3,1 млрд теңге;
- «Бизнестің жол картасы – 2020» (БЖК – 2020) – 54,4 млрд теңге, алынған субсидия – 4 млрд теңге. Аталмыш бағдарламаны іске асыру бойынша ЦКБ 2013 жылы ең үздік банк деп танылды;
- «Екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың айналымдағы қаражатын толықтыруға беретін несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» атты АШМ-ның бюджеттік бағдарламасы – 2,6 млрд теңге, алынған субсидия – 324 млн теңге.

Сонымен қатар ЦКБ Голландиялық инвестициялық компанияның (FMO) желісі, АДБ және ЕҚДБ желілері бойынша шағын және орта бизнесті қаржыландыру жөніндегі халықаралық бағдарламалар бойынша белсенді ынтымақтастық жасауды жалғастыруда.

* Барлық статистикалық мәліметтер ҚЕХС стандарттарына сәйкес келтірілген.

ТҰМАРДЫҢ ҚОРҒАУ ҚАСИЕТІНІҢ МӘНІ

Кейінірек шыққан сегіз бұрышты тұмарлар ислам дінімен байланысты еді: сегіз бұрыш – ежелгі символ, сегіз сәулелі жұлдыздың нұсқасы. Бұл символдар жаратылыс пен құнарлылық идеясымен, Құдайдың құдіретімен, «Алла» сөзінің графикалық жазуымен байланысты. Сондықтан да сегіз бұрышты тұмарларда пішіні кішкентай Құран сақталғаны кездейсоқ емес; бұл тек ер адамдарға арналған әшекей түрі еді.

Тұмардың айтарлықтай қарапайым түрлеріне былғарыдан немесе матадан жасалатын үш бұрышты тұмарлар жатады.

Тұмардағы ою-өрнектердің астарында да қорғаныш қасиеті жатады. Мал шаруашылығы дамыған ауылдық елді мекендерде тұмар көбінесе қой мүйізінің бейнесімен безендірілетін. Қой – өткен өмірі көшпенді өмір салтымен байланысты барлық халықтардың арасында ең көп тараған тотемдік қолдаушы жануар. Егіншілікпен айналысатын, отырықшы өмір салтын ұстанатын мәдениетте (қалаларда, ауылдарда) тұмардың бетіне «Аллаһу әкбар» жазуын немесе Құран сөздерін, құдай жаратқан сұлулықты бейнелейтін өсімдік өрнектерін және исламға қатысты басқа да символдарды салған. Қазіргі кезде баршамызға мәлім ең ертедегі тұмар үлгілері нақты сондай болатын, олар X–XII ғасырларға жатады.

Бізге жеткен тұмарлардың ішіне қандай да бір деңгейде күшті қорғаныш қасиеттерге ие әр түрлі заттар салынады. Тұмардың ішіне әдетте адамдарды аурудан, тіл-көзден, дуадан сақтайтын, сиқырлы қасиеттерге ие үкі қауырсыны, өзен және теңіз ұлуларының қабыршақтары, бір уыс қой немесе түйе жүні салынатын. Алыс сапарға шыққан адамның тұмарына туған жердің бір уыс топырағы салынатын.

КҮРДЕЛІ ҚҰРАМДЫ КҮМІС ТҰМАР
2 негізгі пішінде – үш бұрышты (тұмарша) және тік бұрышты (қолтықша) пішінді болып жасалады. Үш бұрышты пішін ғарыштың элементтері мен көрсеткіштерін меңзейтін Жер жүзінің моделі ретінде қабылданатын Әлемдік тау символы боп тынылған. Тік бұрышты тұмар қапшығы – дүниенің төрт бұрышының белгісі, ал күрделі құрамды – құнарлылықтың белгісі.



БӨЛШЕКТІ НЕСИЕ БЕРУ

Жеке тұлғаларға несие беру 2011 жылдан бастап екі бағытта жүзеге асырылып келеді:


- бөлшекті несие өнімдері;
- жеке кәсіпкерлікке арналған несие өнімдері.

2014 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша жеке тұлғаларға берілген несие портфелі 96 776 несиеден тұрады, олардың сомасы 328 276 млн теңгені құрайды. Алдыңғы 2012 жылмен салыстырғанда портфель 8,3%-ға өсті.

2013 жылы жалпы сомасы 116 845 млн теңгеге 24 807 несие берілді, оның ішінде:

- ипотекалық несиелеу бойынша 36 352 млн теңге сомасында 5 555 несие берілді;
- тұтыну қарыздары бойынша 47 067 млн теңге сомасында 14 002 несие берілді;
- жеке кәсіпкерлікті несиелеу бойынша 27 565 млн теңге сомасында 3 245 несие берілді;
- автокөлік сатып алуға несие беру бойынша 5 862 млн теңге сомасында несие берілді, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен 125%-ға артық.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР ПОРТФЕЛІНІҢ ҚАРҚЫНЫ (МЛН ТЕҢГЕ)



ИННОВАЦИЯЛАР

2008 жылдан бастан ЦКБ – кәсіпкерлікті қолдау бойынша түрлі мемлекеттік бағдарламалардың ең белсенді қатысушыларының бірі. 2013 жылы ЦКБ «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске асыруда ең үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, қарыздарға кепілдік беру және оларды субсидиялау бойынша ең үздік банк деп танылды. Осылайша, 2014 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша ЦКБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан 4 024 млн теңге сомасында субсидия және жалпы сомасы 1 194 млн теңгеден асатын 75 кепілдік алды.



2013 жылы ЦКБ жаңадан басталған жобаларды қаржыландыратын бірінші банк болды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен бірге әзірленген бірлескен өнім желісі аясында DAMU Start Up өнімін ілгерілету үшін арнайы www.startme.kz веб-сайты әзірленді, ол арқылы өнімдердің негізгі талаптарымен танысуға және ЦКБ-ға өтінім беруге болады.

Сондай-ақ 2013 жылы ЦКБ «Ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін несиелер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу» атты Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламасына жалпы сомасы 5 205 млн теңгеден асатын 267 қарызды қосты. 323 млн теңгеден асатын сомада субсидия алды.

ДЕПОЗИТТЕР

ЦКБ депозиттік портфелінің көлемі бойынша еліміздегі екінші деңгейдегі банктердің арасында төртінші орынды иеленеді.

2013 жылдың аяғында ЦКБ-нің депозиттік қаражат нарығындағы нарықтық үлесі 8,8% құрады.

2013 жылы жеке тұлғалардың депозиттік есепшоттарындағы қалдықтар 349 865 млн теңгені, қайтарып алынған қаражат 56 077 млн теңгені құрады.

2013 жылы PIN PAD жобасы іске қосылды. Аталмыш жоба банк клиенттеріне бүкіл Қазақстан бойынша ЦКБ-нің кез келген бөлімшесінде ашылған өз есепшоттары бойынша кіріс және шығыс операцияларын жүргізуге мүмкіндік беретін.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ

Нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін сақтау мақсатында ЦКБ 2013 жылы бизнес-клиенттерінің депозиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді көбейтті.


2013 жылғы наурызда бизнес-клиенттерге арналған банктік салым шарттарына түгендеу жүргізілді.

«Жинақтаушы плюс» салымы бойынша салымдарды орналастырудың қосымша мерзімі (9 ай) бекітілді.

2013 жылғы желтоқсанда бизнес-клиенттерге арналған депозит өнімдері желісінің сапасын арттыру мақсатында банктік салымдарға оңтайландыру жүргізілді. Осыған байланысты үлестік салмағы аз және клиенттер талап етпейтін «Артықшылық», «Ұзақ мерзімді», «Рантье», «Чемпион плюс» сияқты салымдар жабылды.

Пайыздық тәуекелдіктерді азайту мақсатында салымдарды орналастыру мерзімдері 10 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды, сондай-ақ «Талап еткенге дейінгі», «Қысқа мерзімді» және «Эскроу есепшот» салымдары бойынша талаптар қайта қарастырылды.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ӨСІМ ҚАРҚЫНЫ (МЛН ТЕҢГЕМЕН)



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

ЦКБ халықаралық қаржы нарығындағы ұстанымдарын жыл сайын бекіте отырып, тұрақты және сенімді қарқынмен дамып келе жатқан банк болып табылады. ЦКБ-нің халықаралық бизнес стратегиясы шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға, сонымен қатар саудалық және жобалық қаржыландыру, құжаттамалық операциялар, халықаралық қарыз алу және т.б. салаларда көрсететін қызметтері мен ұсынатын өнімдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталған.

Есепті жылы ЦКБ Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), FMO (Нидерланды), DEG (Германия), Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК), Азия даму Банкі (АДБ), OPIC (АҚШ) және Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) сияқты дүниежүзілік қаржылық даму институттарымен белсенді түрде бірлесіп іс-әрекет етуді жалғастырды. Танымал халықаралық ұйымдармен жүргізілген нәтижелі ынтымақтастық ЦКБ-нің қаржылық тұрақтылығын, оның қызметінің айқындығын, клиенттері мен серіктестері үшін сенімділігін мойындау болып табылады. 2013 жыл ішінде ЦКБ өзінің бірқатар міндеттемелерін сәтті өтеді, 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша аталмыш институттардан тартылған ресурстардың жалпы көлемі 49 миллион АҚШ долларын құрады.

ЦКБ Қазақстандағы, ТМД елдеріндегі және қиыр шет елдердегі қаржы институттарымен ұзақ мерзімді корреспонденттік қатынастар орнатқан. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын бұрынғыдан да кеңейте түсуге септігін тигізеді.

ЦКБ-нің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және несиелік қабілеттілігін беделді Халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің несиелік рейтингі келесі дәрежеде: Fitch B+, Moody's B2 және S&P B+.

ЦКБ-НІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША РЕЙТИНГТЕРІ

Fitch Ratings	Moody's Investor Service	Standard&Poor's
Ұзақ мерзімді рейтингі: B +	Ұзақ мерзімді рейтингі: B2	Ұзақ мерзімді рейтингі: B+
Қысқа мерзімді рейтингі: B	Қысқа мерзімді рейтингі: NP	Қысқа мерзімді рейтингі: B
Қолдау рейтингі: 5 Тұрақтылық рейтингі: b+	Қаржылық тұрақтылық рейтингі: E + Ұлттық шкала бойынша ұзақ мерзімді рейтингі: B1.kz	Қазақстандық ұлттық шкала бойынша рейтингі: kzBBB
Болжам: тұрақты	Болжам: тұрақты	Болжам: тұрақты

2013 жылдың қорытындысы бойынша Global Finance Review халықаралық агенттігі ЦКБ-ні «2013 жылдағы Қазақстандағы шағын және орта бизнеске арналған ең үздік банк» деп таныды.



КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ БОЙТҰМАРЛАР

Көшпенді халықтың көркем және әдет-ғұрыптық дәстүрлері тұмарлардың отырықшы ортада (ауылдық және қалалық) да кеңінен таралуына ықпал етті.

Исламды қабылдаған кезден бастап тұмар Құраннан араб жазуымен оқылатын немесе араб стиліне келтірілген намаз мәтіні бар шағын қағазбен толықтырылды. Бұндай тұмар өз иесін киелі сөздермен қорғайтын және оған ежелгі пұт құдайлары мен Алланың өзі қолдау көрсететін. Ол ислам дінінің құдіретіне тікелей қатысы бар мұсылман тұмарына айналды, сонымен қатар ол бұрынғы сиқырлы ұғымдардың елесін де сақтап қалды.

Бойтұмарлар тек қана адамдарды ғана емес, сонымен қатар баспана мен үйдегі малды да қорғауға арнап жасалатын. Мысалы, киіз үйдің шаңырағын әйелдер түрлі-түсті шашақтармен безендіретін, олар киіз үйдің шаңырағында жарқыраған жұлдыздардай ілініп тұратын; қабырғаға үкі қауырсыны тігілген кестеленген кілем – түскиіз ілінетін және т.б. Дәстүр бойынша жаңа туылған ботаны бастапқы кезде басқаларға көрсетпей сақтайтын. Кейін арнайы ашық түсті жүген тігілетін, оған көз тиюден сақтайтын тұмар ілінетін. Көз көргендердің айтуынша, бұндай ғұрып бүгінгі күндерге дейін Батыс Қазақстанда сақталып келеді.

ӨАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БЫЛҒАРЫ ТҰМАР,
пішіні үш бұрышты.





ҚОР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ БАНКА-РАЛЫҚ НАРЫҚТАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

ЦКБ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, Қазақстан қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокерлік қызметтер көрсетеді.

2013 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ – репо операциялары нарығындағы және мемлекеттік бағалы қағаздардың биржалық нарығындағы көшбасшылардың бірі. ЦКБ мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен ішкі және сыртқы нарықта мәмілелер жасайды.

ЦКБ USD/KZT қос валюта бойынша банкаралық сауда-саттықта ең белсенді маркет-мейкер бола отырып, ішкі валюталық нарықта жетекші орындарды иеленіп келеді. Банк корпоративтік клиенттермен ынтымақтасу нысанын жетілдіруге, технологияларды дамытуға, ішкі және сыртқы нарықта валюталық операциялар бойынша қызмет көрсету сапасын жақсартуға ерекше назар аударады.



КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Кастодиандық қызмет аясында ЦКБ клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.

КАСТОДИАН ЦКБ КЛИЕНТТЕРІНІҢ АКТИВТЕРІ

КЛИЕНТТЕР:	2012 жыл, млн теңге	2013 жыл, млн теңге
Жинақтаушы зейнетақы қорлары	85 135	0
Инвестициялық қорлар	20 693	6 082
Заңды тұлғалар	132 910	183 525
Құжаттамалық сақтау қызметін тұтына-тын заңды тұлғалар	0	0
Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	38 500	29 500
БАРЛЫҒЫ:	277 238	219 107



ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

«CONTACT»

ЦКБ 2001 жылдың шілде айынан бастап «Contact» ақша аудару жүйесі арқылы операциялар жүргізе бастады.

«Contact» жүйесі жеке тұлғаларға банктік есепшот ашпай-ақ ТМД және қиыр шет елдерге АҚШ долларымен, Еуромен және Ресей рублімен ақша аударуға мүмкіндік береді. Кейбір елдерде «Contact» жүйесі бойынша ақша аударымын мекенжайсыз төлеу мүмкіндігі көзделген. Жүйе ақша қаражатын банктік есепшотқа, мобильді әмиянға аудару арқылы ақша аударымын төлеуге мүмкіндік береді.

2010 жылдан бастап «Contact» жүйесінде жеке тұлғалардан «Contact» жүйесімен шарттық қатынас ресімдеген заңды тұлғалардың, операторлардың және провайдерлердің пайдасына есепшот ашпай-ақ төлем қабылдау қызметі іске қосылды.

WESTERN UNION

ЦКБ «Western Union» халықаралық компаниясының Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін көрсетіп келеді.

ЦКБ «Western Union» жүйесі бойынша жеке тұлғалар арасындағы ақша аударымдарынан басқа QuickPay («Western Union» жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасаған төлемдер) және QuickCash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасаған төлемдер) төлемдерін қабылдайды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің агенттік желісі 996 қызмет көрсету орнынан құралған.

Альянс Банк, АТФ Банк, Темірбанк, Цеснабанк, Еуразиялық банк, Жинақ банкі, ВТБ Банк (Қазақстан), DeltaBank, Астана-Қаржы банкі, PNB Қазақстан ЕҰ (Дана Банк), ТАИБ Қазақ Банкі, KassaNova Банкі, Bank RBK сияқты қазақстандық 13 банк ЦКБ-нің субөкілдері болып табылады.

ЖЕДЕЛ АУДАРЫМДАР

«Жедел аударымдар» жүйесі – ЦКБ-нің өзі әзірлеген бағдарламасы, ол 2000 жылдың шілде айынан бастап сәтті қызмет атқарып келеді.

Бұл Жүйе жеке тұлғалардың есепшот ашпай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша ақша аударуына мүмкіндік береді. Жүйенің бірегейлігі оның жылдамдығында, оған интернет-технологиялар мен ЦКБ-нің корпоративтік желісін пайдалану арқылы қол жеткізілген. Қазіргі сәтке дейін тіркелген рекордтық жылдамдық – 2 секунд.

2013 жылы жеке тұлғалардың «Жедел аударымдар» жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген ақша аударымдарының көлемі 4,1 млрд теңгеден асты. Осы Жүйе бойынша 2013 жылы 60 мыңнан астам ақша аударымы жүзеге асырылды.

ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

ЖЕДЕЛ ТҮСІМ

«Жедел түсім» жүйесі бойынша ЦКБ ұсынатын қызмет осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша түскен ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ түсетін ақша төлемдері жайында нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді.

2013 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша төлемдерді қабылдайтын өзіне-өзі қызмет көрсету арналары ұлғайтылды. Атап айтқанда, StarBanking және терминалдар бойынша қолма-қол ақша салу немесе карточкалық шоттан ақша қаражатын аудару арқылы заңды тұлғалардың қызметтеріне төлем жасауға мүмкіндік беретін функционал іске қосылды.

Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстан Республикасының барлық аймақтары бойынша 2120-дан астам заңды тұлға пайдаланады. 2013 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 3,3 миллионнан астам төлем қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарына 104,7 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

КЛИЕНТТЕРГЕ PHONE/E-MAIL/WEB/FAQ АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

CallCenter (банк өнімдері бойынша кеңес беру және сатылымдар, телефоны +7(727) 244 30 00):

– 2013 жылы клиенттерден әр түрлі техникалық байланыс арналары арқылы келіп түскен қызмет көрсету сапасына қатысты кеңес беру және өтініш жасау бойынша 4 958 074/3 650 404 өтінім (бұл жерде және бұдан кейін 2012 жылғы көрсеткіштер салыстыру үшін бөлшек арқылы көрсетілген) орындалды, соның ішінде 74:20 / 64:20 қызмет көрсету деңгейінде (SL) (түсініктеме: 74% / 64% – ЦКБ-ға 20 секунд ішінде қоңырау шалып үлгірген клиенттердің үлесі) 637 571/425 386 өтінімді/өтінішті клиенттер телефон арқылы берген, бұл кезде ЦКБ CallCenter қызметі қабылдай алмаған қоңырау орташа есеппен 2,85%/10,37% құрады, CallCenter операторының жауап қайтару жылдамдығы 12/15 секунд (яғни телефон қосылған сәттен бастап орташа есеппен 12 секундтан кейін абонент CallCenter қызметінің бос операторымен сөйлесті).

AutoCall Center (клиенттер тобына автоматты шығыс қоңырау шалу, телефондық автоматты анықтама қызметі, ЦКБ қаржы тобының ішкі телефондарына сыртқы телефон абоненттерінің автоматты қоңырау шалуы, қызмет тәулік бойы, үзіліссіз көрсетіледі, телефоны +7 (727) 244 3 244):

– банк клиенттерінің тобына автоматты шығыс қоңырау шалу бойынша 1 200/847 науқан жүргізілген.

Жылына 734 994/498 624 клиентке жалпы қоңырау шалынды, осы кезде оң нәтижесі 2013 жылы орташа есеппен алғанда 69%/50% құрады. Клиенттер тобына автоматты шығыс қоңырау шалуды іске асыру алгоритмі толық жетілдірілді;

– клиенттердің 86 633/84 326 сұрауын банктің автоматты анықтама қызметі тәулік бойы жүргізілетін режимде өңдеді;

– сыртқы абоненттердің 1 644 057/1 480 313 коммутациясы ЦКБ-нің Автоматты телефон орталығы (АТО) арқылы ЦКБ қаржы тобының ішкі телефон нөмірлеріне өткізілді.

«Телефондық банкинг» жүйесі арқылы (ТБЖ – жеке телефондық әмбебап сервис, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тәулік бойы үзіліссіз қызмет көрсетіледі, телефоны +7 (727) 244 30 30):

– «Телефондық банкинг» жүйесінде (ТБЖ) клиенттердің 744 447 /696 087 өтінімі орындалды, оның ішінде автоматты режимде ТБЖ пайдаланушылардың есепшоттары мен карталары арасында 443 732 / 430 618 ТБЖ транзакциясы жүргізілді.

ContactCenter (e-mail/web/fax-коммуникациялары, e-mail: hotline@bcc.kz бойынша клиенттермен құжаттамалық жеке және жаппай хат алмасу):

– бір жыл ішінде клиенттердің белгілі санаттарына әр түрлі тақырыпта стандарттаған түрде хатты жаппай жеке және корпоративтік e-mail арқылы жіберу бойынша 312/60 науқан жүргізілді. Жалпы бұндай 4 867 813/835 367 хат жөнелтілді.

Құжаттамалық хат алмасу кезінде хат үлгілерінің меншікті базасы (хаттардың 100-ге жуық нұсқасы) пайдаланылды.

Клиенттерге қызмет көрсету сапасы мен жалпы банктік сервисті жетілдіру бойынша 973 өтініш және ұсыныс ЦКБ филиалдарының желісі арқылы қабылданды және орындауға жіберілді.

КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ (ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР)

Клиенттердің саны	Ірі бизнес	Шағын бизнес	Орта бизнес	Микро бизнес	VIP	Жаппай сегмент	Орташа	Орташа ауқатты
1 653 519	1 046	4 615	2 500	71 381	7 286	1 544 306	16 080	6 246

2013 жылғы 01 ақпаннан бастап банк саласындағы бастапқы дайындық бойынша оқу процесін бірге алып жүрумен қатар тағылымдамадан өтуші телефон операторларының ресурстарын пайдалану арқылы **Collector Call Center ВСС** жобасы енгізілді және сәтті жұмыс істеп отыр.

ЦКБ-нің Авторизациялау орталығы (Visa/MasterCard карта ұстаушыларын қолдау, телефоны +7 (727) 244 77 77):

– карта ұстаушылардың кіріс қоңырау шалу/өтінім жасау арқылы берілген 482 761 / 353 340 өтінімі/өтініші орындалды, дауыс поштасы арқылы клиенттердің 2 100 / 1 727 кіріс сұрауы орындалды, күмәнді карт-транзакцияларға мониторинг жүргізу режимінде карта ұстаушыларға 13 110 кіріс телефондық өтініш жасалды.



ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

Банктің интернет-өнімдерін (Интернет-банкинг, Үйдегі банкинг, StarBanking, «Штрих-код» аппаратты-бағдарламалық жүйесін (заңды тұлғаларға арналған, телефоны +7 (727) 244 30 44) пайдаланушыларға арналған **HelpDesk** (phone/e-mail/web-коммуникациялар бойынша техникалық қолдау көрсету) жүйесі:

– бір жыл ішінде жалпы саны 140 576/72 508 (өсімі 2 есе дерлік) клиенттің техникалық салаға қатысты кіріс сұраулары/өтініштері орындалды.

ContactCenter СЭҚ (сыртқы экономикалық қызмет бойынша бизнес-жаңалықтар/шолу жүргізу, ЦКБ қызметкерлеріне және жеке корпоративтік клиенттерге ақпараттық қолдау көрсету):

– СЭҚ-тың 235/233 ҚР-шолулары құрылды және пайдаланушыларға/жазылушыларға жіберілді.

2013 жылы ЦКБ клиенттері үшін байланыс ауқымын кеңейту:

– www.bcc.kz сайты пайдаланушыларға арналған Web-communications («Сайттан тегін қоңырау шалу» сервисі).

«Авторизациялау орталығы – ЦКБ төлем карточкаларын ұстаушыларды қолдау» бағыты бойынша қызмет көрсетудің чат-арнасы қосылды.



ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН БАНК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

2014 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша айналымдағы карточкалар саны бойынша ЦКБ-нің нарықтағы үлесі 5,9% құрады. 2013 жылы шығарылған карточкалардың саны 250 мыңнан асты. 2012 жылдың соңындағы көрсеткіштермен салыстырғанда, айналымға шыққан карточкалар санының өсімі 20% құрады.

Сауда желісіндегі айналым 65%-ға өсіп, 6 млрд теңгені құрады. ЦКБ карточкалары бойынша қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдердің көлемі 2013 жылы 23,2 млрд теңгені құрады.

Қолданыстағы банкоматтардың саны – 740 бірлік. Сауда және сервис кәсіпорындарында 3 598 pos-терминал орнатылды.

2013 жылы ЦКБ Алматы қалалық филиалында өзіне-өзі қызмет көрсететін терминалдар желісін енгізу бойынша қанатқақты жобаны сәтті аяқтады. Ол клиенттерге кассаға бармай-ақ, әр түрлі қызмет түрлеріне (байланыс, коммуналдық, оқу және т.б.) төлем жасауға, сонымен қатар несиені өтеуге, есепшотты толықтыруға, қайырымдылық жарнасын салуға және т.б. мүмкіндіктер береді.

2013 жылы есепшоттарды қашықтан басқаруға арналған «StarBanking» жүйесінің мүмкіндіктері айтарлықтай жетілдірілді: жаңа қызметтерді жеткізушілер қосылды, қауіпсіздік күшейтілді, жүйе интерфейсінің жұмыс сапасы артты. Бір жыл ішінде аталмыш жүйені пайдаланушылардың саны 113,5 мың клиентке артты.

2013 жылдың қорытындысы бойынша есепшоттарды қашықтан басқару бойынша заңды тұлғаларға арналған «Интернет-банкинг» жүйесін пайдаланатын клиенттер санының өсімі 30%-дан асты.

Клиенттерді интерфейсін мен функционалы жаңартылған «Интернет-банкинг» жаңа жүйесіне көшіру процесі аяқталды.

Жүйеде жұмыс істеудің қауіпсіздік шаралары айтарлықтай артты:

– транзакцияларды жөнелтуге арналған біржолғы (бір рет қолданылатын) парольді құрауға мүмкіндік беретін OTP-құрылғысын пайдалану;

– электрондық сандық қолтаңбаны (ЭСҚ) қауіпсіз сақтауға арналған USB-токенді (криптотокен) пайдалану енгізілді.

РУ ТОТЕМДЕРІ – БОЙТҰМАРЛАР

Кейбір бойтұмарлар ежелгі тотемдермен тығыз байланысты. Кейбір жануарлар мен құстарды киелі қасиеттері бар деп қастерлеген. Мысалы, бұндай жануарларға қой мен таутеке жатады, олар рулардың тотемі болып есептелген. Сондықтан иірмек немесе ерекше сомдалған мүйіздердің немесе қой басының бейнесін зергерлік бұйымдардан көруге болады.

Кейбір құстардың ерекше қасиеттері болған. Көптеген халықтарда, соның ішінде қазақтарда құс бейнесі бақыттың, еркіндіктің, мейрімділіктің, жарқын болашаққа ұмтылудың нышаны болып табылады. Қазақтар үкіні, бүркітті, сұңқарды, қыранды, аққуды ерекше пір тұтқан. Бұл наным негізінен үкінің түнде ұйықтамайтын қасиетіне байланысты түнгі уақытта адамдарды жын-перілерден қорғайды деген ұғыммен байланысты болуы мүмкін.

Көз тию және дуа сияқты жағымсыз күштердің алдын алу үшін үкінің бір буда қауырсынын жаңадан туған нәрестенің бесігіне байлап қоятын. Үкінің қауырсынынан балалардың бас киімдеріне айдаршық жасалатын, оны қабырғаға ілінетін түскиіз кілемнің бұрышына тігіп қоятын және ақындарды «көзден» сақтау үшін домбыраға ілетін.

Үйлену тойындағы «үкі тағу» рәсімінде қорғаныс қасиеті күшті үкінің маңызы зор болған. Күйеу баланың туысқандары құдаласу күні қалыңдығының ата-анасына және туған-туысқандарына сыйлықтар берген, ал қалыңдықтың бас киіміне үкі таққан, бұдан кейін ол «айттырылған» болып есептелген. «Үкі тағу» дәстүрі кейбір өзгерістерімен қазіргі кезде де сақталған.

ҮКІ ТҰМАРЫ
үкінің бір буда қауырсыны – бойтұмар.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

2013 жылдың соңында ЦКБ қызметкерлерінің саны 4 000 адамды құрады.

Қызметкерлердің жалпы санының 80%-ынан астамы өңірлік желіде жұмыс істейді. Филиалдық желі өнімдерді сатуға және клиенттерге операциялық қызмет көрсетуге бағытталған. Фронт-офисте 2 871 қызметкер жұмыс істейді, бұл ЦКБ қызметкерлерінің жалпы санының 73%-ынан асады, яғни жыл басындағы ұқсас көрсеткіштен 2,5%-ға артық. Филиалдық желі қызметкерлері кадрларының тұрақтамауы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді.

Өңірлік несиелік талдау және операциялық қолдау орталықтарында жыл соңында 861 қызметкер қызмет етті.

ЦКБ қызметкерлерінің орта жасы – 33 жас. ЦКБ қызметкерлерінің жалпы санының 89%-ының жоғары білімі бар.

2013 жылы Директорлар кеңесі ЦКБ-нің әлеуметтік және кадрлық саясатын бекітті.

Бизнестің қажеттіліктеріне байланысты қызметкерлер санының тиімді теңгерімі мен сапалы құрамын қамтамасыз етуге бағытталған ЦКБ-нің кадрлық саясатын жүзеге асыру аясында ЦКБ көрсеткен біліктілігіне және нәтижелілігіне, кәсібилігіне, бастамашылық танытуына және міндеттерін атқаруда шығармашылық тәсілдерді қолдануына байланысты әрбір қызметкерге тепе-тең кәсіби, сондай-ақ мансап мүмкіндіктерін ұсынады. Жарияланған бос орындарға үміткерлерді таңдаған кезде басымдық тек ішкі үміткерлерге беріледі.

Бастапқы лауазымдарды толтырған кезде ЦКБ басты назарды жас әрі дарынды кадрларды тартуға аударады. 2013 жылы тағылымдамадан өтушілер институты операциялық және несиелік қызмет бойынша бастапқы орындарға 234 үміткерді дайындады. Менеджер-кассир лауазымына 113 үміткердің 75-і бос лауазымға қабылданды, ал несиелі маманы лауазымына 98 үміткердің 51-і бос лауазымдарға қабылданды.

ЦКБ-нің әлеуметтік саясатын іске асыру аясында HR қызметі қызметкерлерді кәсіби маман ретінде дамытуға, нәтижелілігі жоғары қызметкерлерді анықтауға және ұстап қалуға бағытталған. Басқарма шешімімен қызметкерлердің аталмыш санатын анықтау талаптары бекітілді, оларды ұстап қалу бойынша іс-шаралар әзірленді.

ЦКБ қызметкерлерін ұстап қалып қана қоймай, оларды ынталандырудың ең маңызды стратегиялық құралдарының бірі оларды оқыту болып табылады. 2013 жылға арналған стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру аясында оқыту процесі оңтайландырылып, жаңа сапалы деңгейге шығарылды. «Ішкі тренерлер» институтын жетілдіру концепциясы әзірленіп енгізілді. Адам ресурстары департаменті бизнес-бөлімшелермен бірге қызметтің басым бағыттары бойынша қызметкерлер құзыретінің карталарын әзірлеп енгізді. Олардың негізінде TRM карталар (қашықтан оқыту курстарының топтамалары) әзірленді.

Өткен жыл бойынша сыртқы провайдер-компанияларда 536 тыңдаушы оқытылды, ішкі оқыту аясында 535 тыңдаушы, оның ішінде өңірлік кластарда 2 358 тыңдаушы оқытылды.

Оқыту жүйесін жетілдіру бойынша үнемі жұмыс жүргізіледі, қашықтан оқытуға ерекше назар аударылады. Осылайша, 2013 жылы бағдарламалық қамсыздандыруға қосымша 18 қашықтан оқытылатын курс енгізілген. Жыл қорытындысы бойынша қашықтан оқытылатын курстардың базасы кәсіби құзыретті дамытуға бағытталған 67 курстан тұрды. Олардың 49-ын ЦКБ қызметкерлері әзірлеген, ал 18-і сатып алынған. ЦКБ қызметкерлерін сапалы дайындауды жетілдіруді көздейтін TRM карталарына сәйкес қашықтан оқытылатын курстарды әзірлеу және енгізу бойынша 2014 жылға арналған кесте-жоспар жасалды.

Стратегиялық серіктестің бизнес-процестерін және технологияларын қабылдау мақсатында бас офистің және филиалдардың 50 қызметкері Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында орналасқан Kookmin банкінде төрт аптаға созылған арнайы оқудан өтті.

ЦКБ-де құжаттарды мемлекеттік тілге, ағылшын және корей тілдеріне жазбаша аударуды, Банк басшылығының және алқалы органдардың мәжілістерін ағылшын және корей тілдеріне синхронды түрде аударуды қамтамасыз ететін Аударма басқармасы табысты қызмет етуде.

Аударма басқармасы ЦКБ мен стратегиялық серіктес Kookmin банкі арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

ЦКБ өз қызметінде мемлекеттік тілді енгізуге және оның қолдану аясын кеңейтуге ерекше назар аударады. Мемлекеттік тіл ЦКБ-нің іс жүргізуінде, сондай-ақ банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (БААЖ) белсенді түрде қолданылады. ЦКБ клиенттері банк өнімдері мен қызметі туралы ақпаратты бір мезетте мемлекеттік және орыс тілдерінде алу мүмкіндігіне ие.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Клиенттерге үздіксіз әрі жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында «Байланыстың резервтегі арналары» жобасы жүзеге асырылған, бірқатар жүйелерді бағдарламалық қамсыздандырудың жаңа нұсқаларына ауыстыру арқылы IT-жүйелерінің жұмысы оңтайландырылған, серверлік жабдықтар жаңартылып, мәліметтер қоры оңтайландырылған. Барлық IT-қызметтерді HelpDesk жүйесі бір орталықтан басқарып, ішкі пайдаланушылардың қанағаттану деңгейіне тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырады. Карточкалық транзакциялар қауіпсіздігінің жоғары деңгейін PCIDSS қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін жыл сайынғы жұмыстар қамтамасыз етеді. 2013 жылы аудит нәтижесі бойынша ЦКБ көрсетілген стандартқа сәйкестігі туралы сертификат алды.

2013 жылы ЦКБ бірқатар ірі жобаларды жүзеге асырды:

- ЦКБ клиенттік операциялар жүргізген кезде қауіпсіздікті күшейту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Жеке тұлғалардың операциялары бойынша қауіпсіздікті күшейту мақсатында PINPAD енгізу жобасы іске асырылды. Есепшот бойынша әр операцияны жүргізген кезде парольді PINPAD арқылы енгізу жолымен тексеру жүргізіледі. «Интернет-банкинг» жүйесінде заңды тұлғалардың заңсыз төлемдеріне жол бермеу шараларын күшейту мақсатында әр операцияны жүргізген кезде ONETIMEPASSWORD (OTP) қолданылады.

- Қашықтан өзіне-өзі қызмет көрсететін арналарды кеңейту мақсатында ЦКБ клиенттерге қызмет үшін төлемді өзіне-өзі қызмет көрсететін терминалдар арқылы жасауды ұсынды.

- 2013 жылы құжаттамалық операцияларды және қор құру операцияларын жедел басқару мақсатында оларды автоматтандыру жобасы енгізілді.

- Тиімді қызмет көрсету және несиелік досьені басқару енгізілген «Электрондық несиелік досье» жүйесінің аясында жүзеге асыралады.

- Несие модулінде және провизия есептеу жүйесінде сәтті енгізілген ҚЕХС стандарттары аясында ЦКБ қолданыстағы заңнама талаптарын сақтайды.

- Сондай-ақ 2013 жылы реттеуші органдардан келіп түскен талаптарды орындау аясында банк жүйелерінің келесі модульдерінде пысықтаулар жүргізілген: «Қаржылық мониторинг», «Экспорттық-импорттық валюталық бақылау», «Салық есебі», «Несие тіркеуші», «Салық органдарымен электрондық бірлесіп әрекет ету жүйесі».


- Кооптіп банкіне шоғырландырылған есепті ұсынуға арналған «Қаржылық шоғырландыру» модулі әзірленген.

- Бас офистің «Алматы» қаржы орталығындағы жаңа ғимараты заманауи әрі жоғары технологиялық құрылғылармен (Wi-Fi, конференц-байланыс, ҚКЖ және т.б.) жабдықталды.

IT-жобаны жүзеге асыру жоспарының аясында ЦКБ 2013 жылы болашақта клиенттік операцияларды жүргізудің жоғары қауіпсіздік деңгейімен ең аз мерзімде жаңа өнімдер мен қызметтерді нарыққа шығаруға мүмкіндік беретін өндірістік банктік шешімге өту туралы стратегиялық шешім қабылдады. Нәтижесінде жаңа жобаны іске қосу туралы шешім қабылданған GAP-талдау жобасының бірінші кезеңі аяқталды.

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ӨТКІЗУ ЖЕЛІСІ

ЦКБ-нің өткізу желісі 2014 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 20 филиалдан және олардың 128 құрылымдық бөлімшесінен тұрады.



Филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің құрылымы:

- Операциялық басқарма – 20;
- VIP-орталық – 1;
- Қаржылық қызмет көрсету орталығы – 28;
- Жекелеп қызмет көрсету орталығы – 30;
- Есеп айырысу-касса бөлімі – 49.

Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларында ЦКБ филиалдары орналасқан. Жалпы алғанда, филиалдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерін Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша 38 елді мекенде кездестіруге болады.

Ұйымдасу түріне қарамастан, ЦКБ-нің Операциялық басқарма, VIP-орталық, ҚҚО, ЖҚО, ЕКБ нысанындағы құрылымдық бөлімшелері банк қызметінің толық спектрін: есеп айырысу-касса қызметі, несиелеу, депозиттер, ағымдағы есепшоттар, ақша аудару операциялары, төлем карталары, кепілдіктер, сейфтік қызмет және басқа қызметтерді ұсынады.

ҮКІАЯҚ – САЛПЫНШАҚ БОЙТҰМАР

Сонымен қатар қазақтар «көзден» сақтау үшін әйелдердің бас киіміне тігілетін салпыншақ бойтұмар – үкіаяққа ерекше қызығушылық танытқан. Әдетте бұл әшекейлер өзіне тән пішінімен ерекшеленетін және әдемі айшықталған өзара үйлесімді бірнеше бөліктерден құралады.

Бұйымның сиқырлы қорғаныш қызметін күміспен әшекейленген үкінің тырнақтары, сондай-ақ үш бұрышты тілімдер түрінде орындалған тұмарлар атқарады.

Қазіргі кезде үкінің бір буда қауырсыны бұрынғыдай кеңінен қолданылады, олар ерекше тұмар ретінде көліктің ішіне, домбыраға, сондай-ақ үйдің ішкі жағындағы қабырғаға ілінетін кілемдерге жиі тағылады.

САЛПЫНШАҚТЫ БОЙТҰМАР – ҮКІАЯҚ
Салпыншақты бойтұмар Үкіаяқ дәстүрлі пішінде жасалған, жоғарғы бөлігінің ортасында әйнектен жасалған ірі мөлдір қондырмасы бар және шеттерінде көгілдір ақықтан жасалған ұсақ қондырмалары бар тұмар түрінде ұсынылған. Төменгі бөлігінің іргесі ұзын тізбекке ілінген маржан моншақпен және қызыл түсті асыл таспен әшекейленген домалақ қондырмалардан жасалған көптеген салпыншақтары бар үкінің ірі айыр пішінді тырнақтарынан жасалған.





«BCC INVEST» АҚ

Қазіргі барлық қызмет салаларындағы үлкен бәсеке, дағдарыс, нарықтардағы тұрақсыздық заманында кез келген компания өзінің оң нәтижелерімен, жетістіктерімен және өз қызметіне деген сұраныстың өсуімен мақтана алмайтыны анық.

2013 жыл Қазақстанның қор нарығы және оның кәсіби қатысушылары үшін оңай жыл болған жоқ. Бірыңғай зейнетақы қорының құрылуы институционалдық инвесторлардың санын айтарлықтай қысқартты. Бұл қор биржасындағы өтімділіктің төмендеуіне және комиссиялық табыстың қысқаруына әкеп соқты. «BCC Invest» АҚ жинақтаушы зейнетақы қорларын клиент ретінде жоғалтқанына қарамастан, комиссиялық табыстың көлемін алдыңғы жылдың деңгейінде ұстап қалды, сондай-ақ активтер мен капитал бойынша 5-орыннан 3-орынға көтеріле алды.

Жергілікті қор нарығындағы жағымсыз жағдайларға қарамастан, халықаралық нарықтар өздерінің ең жоғары көрсеткіштерін жаңартып, 2013 жылы айтарлықтай өсімді көрсетті (S&P 500 индексі 2013 жылғы 12 ай ішінде 25%-дан аса өсті). «BCC Invest» АҚ-тың меншікті портфельінің табыстылығы нарықтағы орташа көрсеткіштерден жоғары. «ЦентрКредит – Парасатты баланс» пай инвестициялық қоры (ПИК) ашық көпшілік пай қорларының арасында активтердің көлемі бойынша бірінші орынды және табыстылығы бойынша екінші орынды иеленіп келеді.

«BCC Invest» АҚ – өз қызметін жүргізу үшін қажетті барлық лицензиялар мен рұқсаттарға ие Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы. «BCC Invest» АҚ ЦентрКредит Банкінің жүз пайыз еншілес ұйымы болып табылады.

«BCC Invest» АҚ-тың 2013 жылғы қызметінің нәтижесі:

- Компанияның таза пайдасы 213 млн. теңгені құрады.
- Меншікті капиталы 9,5%-ға өсіп, 2,2 млрд теңгені құрады.

«ЦентрКредит – Парасатты баланс» инвестициялық қоры 13,2% табыстылығын көрсетті. Осылай, табыстылықтың депозиттен жоғары болуын көрсету жөніндегі стратегиялық мақсат орындалды. Қор құрылған (2007 жылғы мамыр) сәттен бастап жыл сайынғы орташа табыстылық жылдық 11,5% құрады.

«ЦентрКредит – Парасатты баланс» инвестициялық қоры активтерінің 70%-дан астамының табыстылығы жоғары сенімді облигациялардан құралған. Қалған 30% дамып келе жатқан компаниялардың акцияларына, сондай-ақ алтын және мұнай шикізат активтеріне салынады.

«BCC Invest» АҚ бөлшекті сатылымдардың көлемін арттыру мақсатында клиенттердің бейілдігін арттыру және жоғары деңгейде қызмет көрсету тұжырымдамасын таңдады. Нәтижесінде қазіргі кезде бизнес-процестер қайта ұйымдастырылып, оның қызметкерлеріне оқыту жүргізілуде.

«Халықтық IPO» бағдарламасының аясында www.ipo-prosto.kz промо-сайтын ілгерілету жалғасуда (Анықтама үшін: бағдарламаның бірінші қатысушысы «КазТрансОйл» АҚ жақсы нәтижелерді көрсетті және әлі де көрсетіп келеді. Ұлттық эмитенттің акцияларын сатып алған инвесторлар 62%-ға жуық табыс тапты: есепті кезең ішінде алынған дивиденд 10,34% құрады, бұл жағдайда акцияның бағасы 51,70%-ға өсті. Сонымен қатар 2012 жылдың соңында «Kcell» компаниясының IPO өтті, бұл көптеген инвесторларға 79%-ға жуық табыс табуға мүмкіндік берді. Акциялардың өсімі 68,42% құрады, ал дивидендтік табыстылық 10,26%-ға жетті).

Жоғары көрсеткіштерге қарамастан, ағымдағы акциялар және дивидендтік төлемдер бойынша табыстың өсімі мұнымен тоқтамайды. ЦКБ-нің бағалауы бойынша, 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында жоғарыда аталған акциялардан алынатын дивидендтер бойынша табыстылық кем дегенде жылдық 16% құрайтын болады. Сонымен қатар ЦКБ-нің болжамдары бойынша сол акциялардың бағасы орташа алғанда 20-25%-ға өседі деп күтілуде.



«КАПИТАЛ» ЖЗҚ АҚ

«Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) – ЦКБ-нің Қазақстан қаржы нарығында 2001 жылдан бастап 2013 жылғы 18 қарашаға дейін жұмыс істеген еншілес ұйымы.

Қор лицензия берілген келесі қызмет түрлерін көрсетті:

- зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;
- жинақталған зейнетақы қаражатын инвестициялық басқару.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V жаңа заңына сәйкес 2013 жылғы 03 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін реформалау басталды, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 747 қаулысымен мемлекеттік коммерциялық емес акционерлік қоғам дәрежесі бар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – «БЖЗҚ») құрылды;

2) жеке жинақтаушы зейнетақы қоры институты жойылды;

3) жеке жинақтаушы зейнетақы қорларына олардың басқаруындағы зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға аудару тапсырылды;

4) жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың лицензияларының қолданысы зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін тоқтатылады, ал лицензиялар уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

Жоғарыда аталған Заңды орындау мақсатында Қор:

1) 2013 жылғы 18 қарашада лицензиялық қызметтің барлық түрлерін көрсетуді тоқтатты және барлық зейнетақы активтері мен міндеттемелерді БЖЗҚ-ның басқаруына тапсырды;

2) 2014 жылғы 18 ақпанда зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша түпкілікті зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойды.

Осылай, 2014 жылғы 19 ақпаннан бастап қордың екі лицензиясының да әрекеті тоқтатылды: Қор жинақтаушы зейнетақы қоры және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым ретінде қызмет атқармайды.

2014 жылғы 24 және 28 ақпан күндері Қордың екі лицензиясы уәкілетті органға қайтарылды.

2013 жылғы 18 қарашадағы жай-күйі бойынша (зейнетақы активтері мен міндеттемелер БЖЗҚ-ға тапсырылған күн):

Қордың зейнетақы активтері **208 136 176 мың теңгені** құрады;

Салымшыларының саны (міндеттемелер және ерікті зейнетақы жарналар бойынша) – **463 364 адамды** құрады;

Зейнетақы активтерінің көлемі бойынша нарықтағы үлесі (2013 жылғы 01 қарашадағы жай-күйі бойынша) – **5,71%**.

2014 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша:

1) жарғылық капитал – **2 000 млн теңге**;

2) меншікті капитал – **5 892 946 мың теңге**.



«БАНК БЦК – МӘСКЕУ» ЖШҚ

«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ (бұдан әрі – Банк) – ЦКБ-нің 2007 жылы құрылған және Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында тіркелген еншілес ұйымы.

Банк – Ресей аумағында өзінің корпоративтік және жеке клиенттеріне алуан түрлі қызметтерді көрсететін көп салалы несиелік ұйым. Банк қызмет еткен кезеңде кәсіби білікті мамандар штаты құрылды, шағын және орта кәсіпорындарға және жеке тұлғаларға арналған өнімдер әзірленіп, енгізілді.

2013 жыл ішінде Банк тәуекелдік менеджментіндегі, корпоративтік басқарудағы өз ұстанымдарын күшейтті, жеке және заңды тұлға клиенттерінің кең ауқымдағы тапсырмаларын орындау мақсатында өзінің ұйымдық құрылымын жетілдірді. Банк оңтүстік корейлік және қазақстандық серіктестермен іскерлік қарым-қатынасы бар клиенттерге қызмет көрсету сапасын белсенді түрде арттырып келеді. Бұл бағыттарды дамыту үшін Банктің Kookmin банкінде және Қазақстанның бірқатар банктерінде корреспонденттік есепшоттары ашылған.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының осы құжатта көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Бұл есептіліктің құрамына 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп, өзге жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есеп, капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларынан тұратын ескертулер мен басқа да түсіндірме ақпарат кірді.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құру, сонымен қатар оның шынайылығы үшін, сонымен қатар басшылықтың адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің, сондай-ақ қателіктің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

АУДИТОРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің жауапкершілігіміз – өзіміз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы пікірімізді білдіру. Біз Халықаралық аудит стандарттары негізінде аудит жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтың болмағанына сенім беретін аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді растайтын аудиторлық дәлелдемелерді алуға және ондағы ақпаратты ашуға бағытталған процедураларды жүргізуді қамтиды. Процедураларды таңдау аудитордың кәсіби пайымдауына, оған қоса адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің, сондай-ақ қателіктің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау тәуекелдігін бағалауға негізделеді. Аудитор осындай тәуекелдіктерді бағалау барысында осы жағдайларда сәйкес аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру, сонымен қатар оның шынайылығы үшін ішкі бақылау жасау жүйесін қарастырады, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді. Сондай-ақ аудит қолданылатын есеп саясатын тиісті



дәрежеде бағалауды және басшылық жүргізген бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік беруді бағалауды қамтиды.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.

ПІКІР

Біздің ойымызша, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілер тұрғысынан «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.

МАҢЫЗДЫ ЖАҒДАЙЛАР

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша салыстырмалы көрсеткіштердің түзетулері көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертуіне назар аударыңыз. Біздің пікірімізде осыған байланысты ескерту жоқ.



«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген мемлекеттік лицензиясының №0000015, сериясы МФЮ-2, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2014 жылғы 25 ақпан,
Алматы қаласы

Эндрю Вика
Тапсырма бойынша серіктес
Дипломды бухгалтер
Қоғамдық тәжірибе бойынша
сертификат 78586,
Австралия

Нұрлан Бекенов
Қазақстан Республикасының
Білікті аудитору
Біліктілік куәлігі №0082
1994 жылғы 13 маусымда берілген,
«Делойт» ЖШС
Бас директоры



«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА-СЫ МЕН ШЫҒЫНЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (Млн теңгемен, акциялар бойынша теңгемен есептелген (шығынды)/пайданы қоспағанда)

	Ескерту	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Пайыздық кіріс	5,28	85,269	73,631
Пайыздық шығыс	5,28	(49,610)	(54,154)
ПАЙЫЗ ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА РЕЗЕРВ ҚҰРҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		35,659	19,477
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына бөлінген резерв	6	(27,779)	(11,932)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		7,880	7,545
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтермен және міндеттемелермен жасалған операциялар бойынша таза пайда	7	13	634
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша таза іске асырылған (шығын)/пайда		(3)	94
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алудан болған таза шығын	23	-	(1,483)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	8	4,491	3,849
Қызмет көрсетуден алынған кіріс және алынған комиссия	9	22,524	20,059
Қызмет көрсетуге кеткен шығыс және төленген комиссия	9	(1,886)	(1,797)
Өзге операциялар бойынша құнсызданудан болған резервті қалпына келтіру / (қалыптастыру)	6	(1,256)	(1,400)
Өзге (шығыстар) / кірістер		(123)	(18)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІС		23,760	19,938
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС		31,640	27,483
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫС	10,28	(29,345)	(26,882)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА		2,295	601
Пайдаға салынған салық бойынша (шығыс) / үнем	11	(1,982)	(251)
ТАЗА ПАЙДА		313	350
Бас банктің акционерлеріне қатысты		(31)	222
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты		344	128
		313	350
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ (ШЫҒЫН)/ПАЙДА			
Негізгі (теңгемен)	12	(0.19)	1.10
Туынды (теңгемен)	12	(0.15)	1.10

Топ Басқармасының атынан:

Басқарма Төрағасы
Ли В.С.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Басқарушы директор
О Ги Хонг
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Бас бухгалтер
Нұрғалиева А.Т.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ТҰМАРЛАРДЫҢ СӘНДІК ҚЫЗМЕТІ

Зергерлік әшекей бұйымдары мен бойтұмарларда тастан жасалған қондырмалар мен салпыншақтар тек сәндік өрнек ретінде ғана емес, сондай-ақ қорғайтын «көз» мағынасында қолданылған. Қазақтар ақық тасты, маржан тасты және көгілдір ақықты кеңінен қолданған. Әрбір тастың өзіне тән белгілері, сондай-ақ сиқырлы және емдік қасиеттері болған.

Өмірдің игілігіне және үрім-бұтағының өсіп-өнуіне септігін тигізетін маржан тастар әшекей бұйымдарында салпыншақтар түрінде жиі қолданылатын. Қызыл түстің семантикалық мағынасының ауқымы кең. Бұл – текті қанның түсі, оттың, қуаттың, күн мен жылудың нышаны. Сондай-ақ халық арасында көгілдір ақық та кең тараған. Халықтың пайымдауынша, ол бақыт, сәттілік сыйлаған және адамның көңіл-күйін көрсеткен, яғни адам ауруға шалдыққан жағдайда, көгілдір ақық тасының түсі өзгерген.

ТҰМАР

Тұмардың біртұтас пішіні ақық таспен әшекейленген, «дуалы көзден» сақтайтын «қорғайтын көзді» білдіреді. Шашылған дәннің қорымын елестететін көптеген салпыншақтары бар құрылым – құнарлылық пен байлықты, үрім-бұтағының өсіп-өркендеуін білдіретін дәстүрлі нышан.





«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (Млн теңгемен)

	Ескерту	2013 жылғы 31 желтоқсан	2012 жылғы 31 желтоқсан (Қайта қаралды)	2012 жылғы 01 қаңтар (Қайта қаралды)
АКТИВТЕР:				
Ақшалай қаражат және оның эквиваленті	13,28	141,511	134,054	121,815
Міндетті резервтер	13	16,645	15,075	26,956
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	14	27,253	25,178	16,331
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	15	53,931	57,549	86,369
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	16	15,846	26,373	20,778
Банктердегі қаражат	17	3,994	2,036	6,010
Клиенттерге және банктерге берілген несие	18,28	783,895	789,096	764,806
Пайдаға салынған ағымдағы салық бойынша активтер		1,436	2,148	2,713
Пайдаға салынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	11	1,132	2,036	2,008
Өзге активтер	19	22,685	11,058	10,747
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	20	25,154	23,214	23,384
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		1,093,482	1,087,817	1,081,917
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиесі	21,28	89,436	106,176	106,176
Клиенттер мен банктердің қаражаты	22,28	806,553	790,550	727,334
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	49,045	65,204	121,565
Өзге міндеттемелер	24	8,544	5,520	6,642
Реттелген облигациялар	25	53,034	33,249	33,392
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		1,006,612	1,000,699	995,109
КАПИТАЛ:				
Бас банктің акционерлеріне қатысты капитал:				
Жарғылық капитал	26	69,826	69,798	69,797
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры		(258)	32	666
Бағамдық айырма қоры		(325)	(26)	(619)
Арнайы резерв	3	-	3,723	1,633
Бөлінбеген пайда		16,077	12,385	14,253
БАС БАНКТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		85,320	85,912	85,730
Иеліктің бақылаусыз үлестері		1,550	1,206	1,078
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		86,870	87,118	86,808

	Ескерту	2013 жылғы 31 желтоқсан	2012 жылғы 31 желтоқсан (Қайта қаралды)	2012 жылғы 01 қаңтар (Қайта қаралды)
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ		1,093,482	1,087,817	1,081,917
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	12	452	452	449
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңгемен)	12	300	300	300

Топ Басқармасының атынан:

Басқарма Төрағасы
Ли В.С.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Басқарушы директор
О Ги Хонг
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Бас бухгалтер
Нұрғалиева А.Т.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ


2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
КАПИТАЛЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(Млн теңгемен)


	Жарғы- лық капитал	Қолдағы сатуға арналған инвести- цияларды қайта баға- лау қоры	Бағам- дық айырма қоры	Арнайы резерв	Бөлінбе- ген пайда	Бас банктің акцио- нерлеріне қатысты барлық капитал	Иеліктің бақы- лаусыз үлестері	Барлық капитал
2011 жылғы 31 желтоқсан	69,797	666	(619)	1,633	14,253	85,730	1,078	86,808
Таза пайда	-	-	-	-	222	222	128	350
Пайдаға салық салған- нан кейінгі өзге жиынтық шығын	-	(634)	593	-	-	(41)	-	(41)
Арнайы резервке ақша аудару	-	-	-	2,090	(2,090)	-	-	-
Меншікті акцияларды сату (26-ескерту)	1	-	-	-	-	1	-	1
2012 жылғы 31 желтоқсан	69,798	32	(26)	3,723	12,385	85,912	1,206	87,118
Таза (шығын)/пайда	-	-	-	-	(31)	(31)	344	313
Пайдаға салық салған- нан кейінгі өзге жиынтық шығын	-	(290)	(299)	-	-	(589)	-	(589)
Арнайы резервке ақша аудару (3-ескерту)	-	-	-	(3,723)	3,723	-	-	-
Меншікті акцияларды сату (26-ескерту)	28	-	-	-	-	28	-	28
2013 жылғы 31 желтоқсан	69,826	(258)	(325)	-	16,077	85,320	1,550	86,870

Топ Басқармасының атынан:



Басқарма Төрағасы
Ли В.С.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы


Басқарушы директор
О Ги Хонг
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы


Бас бухгалтер
Нұрғалиева А.Т.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ АҚША
ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(Млн теңгемен)

	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (Қай- та қаралды*)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Алынған пайыздар	64,819	76,038
Төленген пайыздар	(48,899)	(53,863)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	20,099	20,089
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(1,738)	(2,033)
Өзге төленген кіріс	(49)	(18)
Төленген операциялық шығыс	(24,570)	(26,279)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	9,662	13,934
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі:		
Міндетті резервтер	(1,570)	11,881
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері	(2,002)	(8,140)
Банктердегі қаражат	(1,941)	3,966
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	2,100	(39,174)
Өзге активтер	(11,827)	757
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	(16,510)	25
Клиенттердің және банктердің қаражаты	14,965	61,142
Өзге міндеттемелер	2,567	(1,729)
Салық салғанға дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының (шығымы) /түсімі (Төленген)/қайтарылған пайда салығы	(4,556) (366)	42,662 286
Операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза (шығымы)/түсімі	(4,922)	42,948
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатудан түскен түсім	27,211	113,165
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатып алу	(23,797)	(86,758)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім	14,105	9,889
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	(3,682)	(13,630)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(5,660)	(2,098)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	235	10
Инвестициялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза түсімі	8,412	20,578




ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2013 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ


	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (Қай- та қаралды*)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Сатыл алынған меншікті акцияларды сатудан түскен түсім (26-ескерту)	28	1
Меншікті акцияларды сатып алу	(18,910)	(56,122)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	2,447	2,221
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	18,305	-
Реттелген облигациялардан түскен түсім		
Қаржылық қызметке байланысты ақша қаражатының таза түсімі/(шығымы)	1,870	(53,900)
Шетелдік валюта бағамының ақша қаражатына және олардың эквивалентіне қатысты өзгерісінің ықпалы		
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ	7,457	12,239
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында (13-ескерту)	134,054	121,815
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл аяғында (13-ескерту)	141,511	134,054


*Қайта қаралды. 4-ескертуді қараңыз.

Топ Басқармасының атынан:

Басқарма Төрағасы
Ли В.С.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы




Басқарушы директор
О Ги Хонг
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы


Бас бухгалтер
Нұрғалиева А.Т.
2014 жылғы 25 ақпан
Алматы қаласы

Ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАҢТАР АЙЫ – «Contact» жүйесі ақша аударымдарын Қытай мен Вьетнамға жөнелту мүмкіндігін кеңейтті. Ақша аударымдарын Қытай Банкінің (Bank of China) 120 бөлімшесінен, Қытай Сауда-Өнеркәсіп Банкінің 3400-ден астам офи-стерінен және Vietnam International Bank-тің 147 бөлімшесі мен VIETINBANK-тің 760 бөлімшесінен төмендетілген тарифтермен алу мүмкін болды.

АҚПАҢ АЙЫ – «Эксперт РА» рейтинг агенттігі Банктің несие қабілеттілігі рей-тингін «Несие қабілеттілігінің жоғары деңгейі» атты А деңгейінде растады. Рей-тинг бойынша болжам «тұрақты».

НАУРЫЗ АЙЫ – ЦентрКредит Банкі карточкалық төлем жүйелерінің тұрақтылығы мен сенімділігін растайтын халықаралық стандарттар бойынша PCI Compliance мәртебесіне ие болды.

СӘУІР АЙЫ – «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы өт-кізіліп, 2012 жыл бойынша қызмет нәтижесі туралы Басқарманың есебін бекіту туралы, ЦКБ-нің 2012 жыл бойынша шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы, ЦКБ-нің 2012 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы шешімдер қабылданды.

МАМЫР АЙЫ – Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі банктің шетел ва-лютасындағы және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмиссия дефолты рейтингін «B+» деңгейінде, банктің ұлттық ұзақ мерзімді рейтингін «A-(rus)» деңгейінде растады. Барлық үш рейтинг бойынша болжамдар «Тұрақты». Сондай-ақ Fitch Ratings «ЦКБ-Мәскеу» банкінің шетел валютасындағы қысқа мерзімі эмиссия де-фолты рейтингін «B» деңгейінде және қолдау рейтингін «4» деңгейінде растады.

ШІЛДЕ АЙЫ – ЦКБ-нің 25-жылдық мерейтойы қарсаңында бас офис ғимаратын-да банктің мұражайын ашу салтанаты өткізілді. Мұражайда ЦКБ тарихы үшін маңы-зды материалдар экспозицияға қойылып, банктің даму хронологиясы көрсетілген. ЦКБ өзінің 25-жылдық мерейтойына орай «Бұдан 25 жыл бұрынғыдай» жарна-малық науқанын іске қосты. Науқанда ЦКБ қызметкерлері белсенділік танытты, олардан келіп түскен суреттер банктің жарнамалық материалдарын әзірлеу кезінде пайдаланылды.



ТАМЫЗ АЙЫ – сенімді мердігерлерге арналған ыңғайлы кепілдіктер беруді көздейтін жаңа «CenterGarant» өнімі іске қосылды.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ – Банк өзінің 25-жылдық мерейтойын атап өтті. Мерейтой аясында банкке алғашқы ресми сапарымен Коокмін банкінің Төрағасы Ли Гон Хо келді. Осы айда ЦКБ бас офисінің қызметкерлері Әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайында орналасқан Алматы қаржы орталығындағы жаңа ғимаратына қоныс аударды. Шағын бизнеске шұғыл несие беру бойынша жаңа «Шапшаң Шағын» өнімі іске қосылды.

ҚАЗАН АЙЫ – Kwon Oh Ki мырза Коокмін банкінің өкілі ретінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ – 2013 жылдың қорытындысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ЦКБ-ні үздік банк деп таныды.

ЦКБ-нің «Қайырымдылық» қоғамдық қорымен бірлескен әлеуметтік жобасы бастау алды. Жобаның мақсаты – күрделі ауруларға шалдыққан балаларды қолдау үшін қаражат жинау. Қолұшын беруге ниет танытқан әрбір адам қаражатты банкоматтар, Starbanking жүйесі, қызмет көрсету терминалдары, есеп айырысу-касса бөлімдері арқылы жөнелте алады.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) өту аяқталды.



СОДЕРЖАНИЕ

ТУМАРЫ



СОХРАНЯЯ ТРАДИЦИИ

Обращение Председателя Совета директоров.....	68
Совет директоров.....	70
Правление.....	71
Руководители департаментов.....	72
Корпоративное управление.....	76
Акционеры и капитал.....	78
Обзор развития экономики и банковского сектора.....	79
Банковский сектор.....	85
Обзор деятельности БЦК в 2013 году.....	88
Рентабельность.....	89
Информация по ссудному портфелю БЦК (кредиты).....	90
Розничное кредитование.....	94
Инновации.....	95
Депозиты.....	96
Международные отношения.....	97
Операции на фондовом и межбанковском рынках.....	100
Кастодиальная деятельность.....	100
Система денежных переводов «Contact».....	101
Система международных денежных переводов Western Union.....	101
Быстрые переводы.....	101
Быстрая выручка.....	102
Дистанционное phone/e-mail/web/fax-обслуживание клиентов.....	102
Платежные карточки и системы удаленного банковского обслуживания.....	105
Персонал.....	108
Информационные технологии.....	110
Сбытовая сеть БЦК.....	111
АО «ВСС INVEST».....	114
АО НПФ «Капитал».....	115
ООО «Банк БЦК – Москва».....	116
Отчет независимых аудиторов.....	117
Основные события БЦК в 2013 году.....	127



ОБРАЩЕНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ
СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ
АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ»
БАЙСЕИТОВА Б.Р.



УВАЖАЕМЫЕ АКЦИОНЕРЫ
АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ»!

В отчетном году усилия АО «Банк ЦентрКредит» (далее – БЦК) были направлены как на преодоление негативных тенденций, имевших место в банковской системе, так и на повышение эффективности бизнеса.

В результате реализованных мер чистая процентная маржа БЦК выросла в три раза: с 1,4 до 4,3%, что удалось достигнуть благодаря росту доходности активов и снижению объема дорогостоящих заимствований; стоимость обязательств снизилась с 5,8 до 5,1%. БЦК досрочно погасил три внешних субординированных займа в долларах на общую сумму 19 миллиардов тенге, что

позволило снизить их долю до 3% от всех ресурсов. Наряду с этим на 3,8% увеличился ссудный портфель БЦК (что составило 883 млрд тенге), при росте обязательств на 0,8% (988 млрд тенге).

